

"Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 қазан 1993 ж. N 1032

Оңтүстік Торғай ойпаңында орналасқан көмірлі сутегі кен орнын игеру жөніндегі жұмыстарды жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Оңқазмұнайгаз" өндірістік бірлестігінің, "ФЕБА ОЙЛ АГ" және "Эрдойл-Эрдгаз Гоммерн ГмБХ" неміс фирмаларының қатысуымен Ақшабұлақ, Нұралы мен Ақсай кен орындарында көмірлі сутегіні жете барлау, игеру, өндіру, тасымалдау, экспортқа шығару және өткеру жөніндегі "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорның құру туралы республиканың мұдделі министрліктерімен және ведомстволарымен келісілген шарт макұлдансын.

"Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорнының құрылтайшы құжаттарының принципті қағидалары мен шарттары бекітілсін, атап айтқанда онда:

"Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорнына осы кәсіпорнының көмірлі сутегісін кедергісіз экспортқа шығару, осы шарттың уағдаласқан қағидаларына сәйкес оның қызметіне арналған мүлікті баж салығынсыз әкелу және әкету құқығын пайдалануға беру;

"Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорнының Қазақстан Республикасының банктерінде корреспонденттік шоттары бар шет ел банктерінде шоттар ашуы, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде еркін айналыстағы валюта операцияларын жүзеге асыруы, сондай-ақ тиісті республикалық органдардың мұрсатымен бухгалтерлік есепті, бухгалтерлік баланстарды, осы бірлескен кәсіпорның Қазақстан заңды үйымдары мен жеке адамдары беріп тұратын қызмет пен материалдар төлемін еркін айналыстағы валютамен жүргізу;

"Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны жұмыс істейтін бүкіл мерзімнің ішінде құрылтайшы құжаттарда белгіленген есеп айырысу мен роялти төлемінің тәртібін, пайдаға салынатын салықты, қосымша құн салығын және басқа міндетті төлемдерді сақтау көзделген.

Шарттың талаптарын өзгерту Қазақстан Республикасы мен "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорнының неміс құрылтайшылары арасындағы жазбаша түрдегі келісімнің негізінде ғана жүргізілуі мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Энергетика және отын ресурстары министрлігімен, "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясымен, Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қатысуымен 3 ай мерзімде Республика "

"Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорнына беретін құрылтайшы қарыздың өтелетін сомасын бюджетке қайтарудың (бірлескен кәсіпорынды құрудың қарсаңындағы жұмыстар үшін) , осы бірлескен кәсіпорынның қызметінен алынатын "Оңқазмұнайгаз" бірлестігінің (қазақстандық құрылтайшы) пайдасын бөлу мен пайдалану тетігін анықтасын, сондай-ақ 1 айлық мерзімде Байқаушы кеңеске қазақ жағынан мүшелер тағайындастын. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі жасалған қағидаларға сай "Оңқазмұнайгаз" бірлестігімен шарт жасассын.

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі 4 ай мерзімде Ақшабұлақ, Нұралы және Ақсай кен орындары бойынша тиісті геологиялық-техникалық ақпараттарымен бірге кен орналасқан жерлерді бөлу актісін беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, Қызылорда облысының әкімі жасалған шарттың шеңберінде "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорнын белгіленген тәртіп бойынша лицензиялармен және рұқсаттармен қамтамасыз етсін, сондай-ақ осы бірлескен

кәсіпорын қызметінің ұйымдық мәселелерін шешуге жәрдемдесетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорнымен жұмыс істеу барысында республика мұддесін сақталуына бақылауды қамтамасыз ету тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі